Келісілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері С К Аскатова _____

Бекітілді
Абай облысы білім басқармасының
Семей қаласы білім бөлімінің
«№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі Г.В. Увалиева _____

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ жоспары

Білім беру ұйымы Абай облысы білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «№ 5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Топ *:* «Айналайын» ересек түзету тобы.
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспар қандай кезеңге жасалды қыркүйек 2023 ж – мамыр 2024 ж

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылғаніс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Денешынықтыру	**Негізгі қимылдар: Жүгіру.** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру. **Секіру.** Екі аяқтап тұрған жерінен ұзындыққа, биіктікке секіру, жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру; **Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.** Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. **Жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын қалыптастыру. -Жүзеге асуы.** */Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Ине мен жіп», « Бұлақтан аттап өт», « Ұшақтар», « Кім жылдам?», «Паравоз», «Соқыр теке», « Үшінші артық» ,«Тышқан мен қияр» , « Көңілді доп», «Қолшатырдың астына тығыл», « Жүгіру және секіру», «Жүйрік аттар»,«Тышқан мен мысық»*

	Сөйлеуді дамыту	**Тілдің дыбысталу мәденитетін тәрбиелеу:** - Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;Дыбыстардың айқын артикуляциясын меңгерту.Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. **Сөздік қор:** Ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; **Балалардың тілін дамыту** Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, ана тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы:**Сөздерді септік, көпше, жекеше түрлерін дұрыс үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.** Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына баулу; ***-Жүзеге асуы.*** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар, жұмбақ жасыру, ситуациялық әңгімелер/ « Менімен қайтала», « Сөз ата, көп ата», «Суреттен не көріп тұрсың?», « Біреу және көп», « Отбасы мүшелерін ата?»* ***Жаттау:*** *« Ірімшік», « Үлкен жігіт боламын», « Қолшатыр»*
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. **Мәнерлеп оқу**: Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету **Мазмұндау.** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту**.Түрлі мәтіндерді айтқан кезде дауыс күшін өзгерте білу; **-Жүзеге асуы.** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар, мнемокесте көмегімен өлеңдер жаттау/ Шығармаларды оқып, айтып беру, мультфильмдер қарау. Шағын ертегілерді үстел –үсті таетры арқылы сахналау. Д/о:«Тауып ата», « Дауыстап айт,ақырын айт», «Кейіпкерлерді атап бер», « кім жылдам жаттайды?» Ертегі:«Мысық пен күшік», « Мяу деген кім?» , « Алдар көсе», « үш аю» Жаттау: «Ойыншықтар» /үзінді/Қ.Мырза Әли, « Добым», « Кірпі», «Бір үйде біз нешеуміз?» Көлеңке театры:«Жеті лақ» Әңгіме «Әке мен бала»*
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алу және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдік дамытушы орта.** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын

		қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беру. ***-Жүзеге асуы.*** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар/ Д\о:«Қай дыбысты естідің?», Д\о:«Қуыршақты тамақтандыр», Д\о:«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»Д\о:«Менің сүйкімді досым?» , «Қандай үй жануарларын білесің?»,Д\:«Құстарды ажыратып бер», «Көкеністерді ата?», « Жемістерді ата, «Ойыншықтар мен заттарды сипатта» Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Жаттау: « Анамның тілегі»*
	Математика негіздері	**Сан.** "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. **Жиын:**біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру.**Геометриялық пішіндер:** геометриялық пішіндерді тану және атау;ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; **Кеңістікте бағдарлау.**Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. **Уақытты бағдарлау. «**Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн».**Шама:**Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. ***-Жүзеге асуы.****<u>Дикатикалық және логикалық ойындар</u> арқылы заттардың санын, пішінін, шамасын анықтау. <u>Карточкалармен жұмыс жасау арқылы</u> «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» «Қанша?» , «Неше?»<u>Үлестірмелі матриалдармен жұмыс жасау арқылы</u> заттарды салыстыру , ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші, орналасуы бойынша үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. <u>Суреттер топтамасымен жұмыс жасау арқылы</u> уақытты бағдарлаукүндіз-түнде, таңертең-кешке.Д\о:«Сипап сезу арқылы санау», «Заттрды топтастыру» **,** «Зат неге ұқсайды?» «Кеңістікті бағдарлау» , « Қанша,неше?», «Бір және көп», «Қызықты пішіндер», «Қайда орналасқан?»; Саусақ жаттығуы « Бес саусақ»*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлітабиғат туралы түсінік беру. Олардың бір — бірімен байланысы жайлы мағұлымат беру, танымдық әрекетін шыңдау. Сөздік логикалық қабілеттерін, ой — қиялдарын, қызығушылық сезімін дамыту. Өз ойларын толық жеткізе білуі, дүние танымын кеңейтіп, табиғатты қорғауға, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер :**Жыл мезгілі туралы түсінік қалыптастыру табиғаттағы өзгеріс құбылыстарды бақылау. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:**табиғат аясында болғанда балаларды экологиялық мінез-құлық мәдениетінің бастапқы дағдыларына тәрбиелеу; -

		жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауда балаларды көмек көрсетуге тарту; **Бала, оның отбасы, үйі:** Балаларды отбасында және балабақшада тілдік қарым қатынас жасауға қажеттілікті тудыру. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. **Еңбекке баулу.**Үлкендердің еңбектерін бақылап бағалауға үлкен кішіге көмек беруге адамдарға еңбек үшін алғыс айту және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Менің -Отаным Қазақстан.** Балаларға өз отаны туралы айтып түсіндіру. Қазақстан республикасының бас қаласы Астана туралы білімдерін суреттерді, альбомдарды қолданып Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыру .Рәміздерді танып, біліп ,айтып беруге дағдыландыру туған елін жерін сүюге тәрбиелеу. **Жүзеге асуы.** *-Дидактикалық ойындар, сюжетті-желілі ойындар, үстел-үсті ойындары, лото/ жануарлар әлемі, құстар, саңырауқұлақтар, ағаштар т.б/ Әнұран тыңдау, айту, фото альбомдар, буклеттер қарастыру. Видео –фильмдер, роликтер қарастыру/ қоршаған орта, табиғат, жануарлар т.б/ Көрнекі құралдармен жұмыс.* Д\о***:*** *«Табиғат сыйы», «Менің отбасым», «Көлік құралдарын ата?», «Отбасы мүшелерінің аты кім?», « Бөлме гүлдері», « Бұл қандай ағаштың жапырағы?», « Күзде гүлдейтін гүлдер»* **Жаттау** *«Отан», «Күз»* **Әңгіме*:*** *«Өлкемізге күз келді»*
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Қағазадан құрастыру бөлшектерінен ,құрлыс және табиғи материалдардан әртүрлі заттарды құрастыру дағдыларын қалыптастыру арқылы ересек балалардың логикалық ойлауын дамыту. **Қағаздан құрастыру:** Қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. **Конструктор бөлшектерінен құрастыру:** Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру. *-Жүзеге асуы.* *1. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.* *3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.* *-Бөлшектерді орналастыру, кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдануға үйрету, төсеу, бекіту, қою дағдыларын қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Д\о:«Менің үйіме*

	апарар жол», «Бала бақшаның айналасындағы қақпалар»,«Ғимарат», « Кигіз үйдің құрылысы»
Сурет салу	**Заттық сурет салу:** Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру. **Сюжеттік сурет салу:**бір мазмұнға біріктіре отырып бірнеше заттардың суреттерін \бйнелей білуге үйрету.**Сәндік сурет салу:**Қарапайым пішінде : дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрышты салуды бекіту. **Қазақ оюлары элементтері:** «ирек», «су» суретін салу ***-Жүзеге асуы.*** *-Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; Д\о: « Пішінін ата?», « Түсі қандай?», « Неге ұқсайды?»*
Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеу,түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеу; мүсіндеуге қызығушылықтарын арттыру. **Сюжеттік мүсіндеу:** балаларды мүсіндеудің үйрешікті әдістері мен біріліктерін жаттықтыру арқылы заттардың өлшемдік қатынастарын дұрыс бере білуге үйрету. **Сәндік мүсіндеу:** дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. **\Тостаған ,табақ , оюланған кесе,тегене**т.б. **-Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен жасалатын әр –түрлі тәсілдерді меңгерту /бөліп алу, қысу, тарту, басу,домалату, ширату, созу, жаю,кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру оларды таяқшамен безендіру. Д/о « Заттың пішінін ата?», «Не үшін қажет?»*
Жапсыру	**Жапсыру тәсілі:** Қиюдың түрлі тәсілдерін қолданып ,бірнеше бөліктерден заттар құрастыру және түрлі пішіндегі геометрялық және өсімдік элементерінен құралған өрнектерді құрастыру іскерліктерін дамыту **Заттық жапсыру**: Заттық құрлымның негіздері туралы балалардың білімдерін жүйелеп тереңдету.балалардың қайшыны дұрыс қолдану геометрялық пішіндерді ,ою қазақи элементерді,құстардың сұлбасын қиюға,ойыншықтардың бейнелерін,қисық жыртылған қағаздардың біліктерінжұмсақ ойыншық бейнелерін құрастыруға үйрету.Қағаз бетіне әуелі ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толтыра отырып жапсыру дағдыларын қалыптастыру. **Сәндік жапсыру:**Ұлттық өнердің желісімен түрлі қағазда геометриялық элементтерден \шеңбер,шаршылар,сопақшалар\өрнектер құрастыра білуге үйрету. **Сюжетті жапсыру:**балаларға жапсыруда сюжетті композиция құру іскерлігін дамыту, **-Жүзеге асуы.** *Қайшы ұстауды үйрету, сызық бойымен қиюды жаттықтыру. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру. Д/о «Кемпірқосақтың түсін ата», « Бағдаршам»*

	Музыка	-балалардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін, бейнелеу өнері мен музыкалық білімдерін қалыптастыру; -шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; **Музыка тыңдау.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1. әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. «Достық» И.Нүсіпбаев, Е.Елубай. «Балабақша бағында» С.Кәрімбаев, І.Шұғаев. **Ән айту.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1.әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. «Көңілді балалар әні» Б.Дәлденбай. **Билер.** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. **Ойындар, хороводтар.** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. **Келесі дағдыларды қалыптастыру:** 1) Фортепиано суйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.
Қазан	Дене шынықтыру	**Негізгі қимылдар: Жүру**. Балаларды адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. **Тепе-теңдікті сақтау**. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің арасымен айналып жүру. **Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.** Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. **Тамақтану тәртібін сақтауға баулу.** ***Жүзеге асуы.*** */Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Тізбекпен жүру», « Қызықты эстофета», « Тақия тастамақ», « Асық ату» , « Омпы», « Кедергінің арасын айналаып өт», « Тазалық алгоритімі», «Үлгіге қарай орында»/*
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, **Сөздік қор** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдану; ***Жүзеге асуы.*** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік*

		жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар, жұмбақ жасыру, ситуациялық әңгімелер, тақпақтар жаттау/ « Дауысты ма, дауыссыз ба?», « Атаған дыбысқы сөз ата», «Ретімен атап берші?», « Көпше түрін ата», « Топтағы достарың кім?», « Бұл не зат?», «Сөйлем құрастыр», «Сөздерді ата», «Әдепті сөздер шеңбері» ***Жаттау:*** *« Добым», « Кірпі», « Күшігім»*
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.**Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу**. Мәнерлеп оқу:**Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау, **Ертегі:** Кішкентай бағбан (әңгіме). **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:**Мнемотехника әдісі бойынша ертенгілерді айтып үйрену **Жүзеге асуы.** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар, мнемокесте көмегімен өлеңдер жаттау, ертегілер айту/ Шығармаларды оқып, айтып беру, мультфильмдер қарау. Шағын ертегілерді үстел –үсті таетры арқылы сахналау. Д/о:« Ертегі кейіпкерлерін ата», « Қосылып қайтала », «Дұрыс және бұрыс», «Ойыңда не қалды?» Ертегі: «Пых деген кім?», «Аю мен маша?» , «Түлкі мен ешкі»,«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі, Жаттау: «Күз», «Алуан жапырақтар», « Алма пісіті», «Құырмаш?» Көлеңке театры:«Шалқан» Әңгіме «Егін алқабы»* *Д/о « Сыпайы өтініш», «Диалог»*
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алу және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Тілдік дамытушы орта.** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу.** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беру ***-Жүзеге асуы.*** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттғулар/ Д\о:«Дауыстап, ақырын?» « Жаңбырдың тырсыл», Артикуляциялық жаттығу « Піл», «Тілдің үйшігі »* Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Жаттау: « Бақшада», « Мысығым»
	Математика негіздері	**Жиын** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру **Затты салыстыру:**екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді. **Бағдарлау:«**бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады **Сан: Санау.** 5-ке дейін реттік санау

		дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. **Геометриялық фигуралар:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету ***Жүзеге асуы.*** *Дидактикалық және логикалық ойындар арқылы заттардың санын, пішінін, шамасын анықтау.* *Карточкалармен жұмыс жасау арқылы « Тиіндерге көмектес», «Аз, көп» «Нешінші?» , «Қанша?»* *Үлестірмелі материалдармен жұмыс жасау арқылы заттарды салыстыраып айта алуын жетілдіру. Д\о: «Зат неге ұқсайды?»,«Не өзгерді?», « Бірдей заттарды анықта?» «Оң жақ, сол жақ» , Саусақ жаттығуы « Сегіз аяқ»Ойын « Молекула» Санау таяқшаларымен жұмыс жасау / аталған пішіндерді құрастыру/*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** Бала, оның отбасы, үй. Әр баланың аланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру. Өзінің атын, тегін,жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. ***Жүзеге асуы.*** *-Дидактикалық ойындар, сюжетті-желілі ойындар, үстел-үсті ойындары, лото. Видео –фильмдер, роликтер қарастыру. Көрнекі құралдармен жұмыс.* ***Д\о:*** *«Мен және басқалар», «Мен өскенде кім боламын?», «Жеті атамызды жастқа айтамыз?», «Ата-анамның қызметі?»,* ***Жаттау*** *«Апам менің тігінші», « Мен тәртіпті балакмын»* ***Әңгіме:*** *«Отбасымызбен өткізген демалыс»*
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру.**Ойыншықтың өлшеміне сәйкес құрылысты үлкен және кіші құрылыс материалдарынан жасауға үйрету. «Ұзын, алдында, жанынан, оң және сол жақтарынан» сөздерін қолданып, бір-біріне қатысты құрылыстың негізгі бөліктерін кеңістікте орналастыра білуін дамыту. **Қағаздан құрастыру.** Балаларға ойыншықтардың бойымен бірдей құрылыс жасауға үйрету. Ұзын және қысқа пластиналарды ажыратуын, оларды дұрыс атауын, құрылыс сипаттамасына сәйкес қажетті бөлшектерді дербес таңдауын, құрылысты дайын нұсқамен орындауын бекіту. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. **Конструктор бөлшектерінен құрастыру.** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. **-Жүзеге асуы.** *1. Конструкторлардың түрлерімен ойындар ұйымдастыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.* *3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.* ***Д\о:****«Құпия дорба» / заттарды сипап сезу арқылы тану,* ***«****Құрылысшы»****,****« Не өзгергенін ата»,*

		« Биіктігі, ұзындығы деген не?», « Үлгі бойынша құрастыр»
	Сурет салу	**Заттық сурет салу:**дәстүрдентыстәсілдерменсуретсалудыңтехникасынжетілдіру, барысында сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып ,жемістердің бейнесін жасауға үйрету.Әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу . **Сәндік сурет салу:**Қазақ өрнегінің элементтерін жолақ ішіне бір қалыппен тізбектеп салуға үйрету**.** Сәндік сурет салумен таныстыру. **Сюжеттік сурет салу:**Қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру кезендегі қолдың қимыл-қозғалысын дамыту.Күзгі табиғат ерекшеліктері туралы айта отырып, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді,сопақ тастардан құлпынайды бояуға үйрету» ***Жүзеге асуы.*** *-Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік бере отырып , дағдыларын шыңдау. Д\о: « Түстерін ата?», « Бұл қандай ою?», « Сары түсті заттарнды ата? / қызыл, жасыл т.б», « Қиылған суреттер», « Жылы суық», « Үлкен, кіші, / пішіні бірдей, көлемі әр түрлі заттарды салу» / доп, лимон/*
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу :** Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу. **Сюжеттік мүсіндеу** Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше бұйымды орналастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану. **Сәндік мүсіндеу**: Мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. **-Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен жасалатын әр –түрлі тәсілдерді ары қарай жетілдіру /бөліп алу, қысу, тарту, басу,домалату, ширату, созу, жаю,кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру оларды таяқшамен безендіру. Д/о « Ирек құрттар?», «Ұзын қысқа оқтау?», « Пішіндер» Саусақ жаттығуы « Қырық қабат», « Шынжыр», « құлып»*
	Жапсыру	**Заттық жапсыру** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға,ересектедің көмегімен бөліктерді желімдеу. **Сюжеттік жапсыру** Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. **Сәндік жапсыру.** Геометриялық пішіндер көмегімен әр –

		түрлі заттардың, жануарлардың пішінін келтіре желімдеп қарындашпен толықтыру. **- Жүзеге асуы.** *Қайшы дұрыс ұстауды, сызық бойымен қиюды жаттықтыру. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру. Д/о «Суреттмегі заттарды ата», « Қызықты пішіндер»* *Тақырыптары: « Балапан», « Үй», « Доп», « Сәбіз»*
	Музыка	- балалардың сезімдік - эмоциялық қасиеттерін, бейнелеу өнері мен музыкалық білімдерін қалыптастыру; - шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; **Музыка тыңдау.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: - әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; «Тамшылар» М.Жәутіков. «Жеміс бағында» Ж.Қалжанова. **Ән айту.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: - дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету; «Күз» әні Қ.Шілдебаев. «Күз жомарт» әні Д.Ботбаев. «Жаңбыр» Ә.Телғозиев. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Келесі дағдыларды қалыптастыру: - марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру; «Кел билейік» Б.Байқадамов **Билер.** -Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. **Ойындар, хороводтар.** - Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** - әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.
Қараша	Дене шынықтыру	**Негізгі қимылдар: Жүгіру**. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.

		Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту ***Жүзеге асыруы.*** */Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Қуаласпақ», «Соқыр теке», «Күн мен түн», « Бұлақтан аттап өт», «Жуан және жіңішке көпір»*
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. (Р,Л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік:**Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:**зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атау **Д\ойын**«Дүкен» ойыны **Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну. ***Жүзеге асыруы.*** */Суреттер топтамасымен жұмыс, жаңылтпаштар, тақпақтар, санамақтар, электронды видео роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Жаңылма», «Кел санайық», «Жеті лақ», , «Түсіңе қарай бөлін», «Әдепті сөздер»,* **Д\о:** *«Қандай дыбыс»«Күзгі жапырақтар түсті», «Қоңырқай күз келді»,«Ойыншықты таңда» Тақпақтар жаттау: « Р – дыбысты сөздер» Артикуляциялық жаттығу: « Ла-ла -ла», « Ра-ра-ра»*

	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге,олардың әрекеттерін бағалауға,әңгіме,ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. **Жаңылтпаш:** жаңылмай айтуды жетілдіру. **Мазмұндау**. Балалардың мәтінде айтылған ойды түсініп тыңдап не жайлы екенін айта білуге үйрету, тәрбиешінің қойған сұрақтарына мәтін мазмұнына сай жауап беруге жаттықытыру, сөздік қорларын дамыту, әдептілікке тірбиелеу. **Оқып беру:** Қуыршақ (М. Төрежанов). **Театрландырылған әрекет.** Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық, бар эмоциялармен сахналатқызу. **Адамгершіліке тәрбиелеу** Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу. Көңіл-күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тауға, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. ***Жүзеге асыруы.*** */Қазақ ертегілері, әртүрлі халық ертегілері,тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қысқа әңгімелер арқылы. «Тиін мен қасқыр», «Кім күшті» , « Қаңбақ шал» т.б.*
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу. **Тілдік дамытушы орта.** бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісу **Сөздік қоры:**Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білу **Байланыстырып сөйлеу.** Балалардың бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. ***-Жүзеге асуы.*** */Дидактикалық ойындар, сөздік ойындар, сөздік жаттығулар, саусақ ойындары, артикуляциялық жаттығулар/ Суретпен жұмыс: сөйлем құрай білулерін жетілдіру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.* ***Жаттау:*** *«Атамнан басталар,*

		Әжемнен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар» ***Жұмбақ жасыру:*** *Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын. Онға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан. Бәрі-де өз жұртың Айтады, қане кім атын? (ана, апа, аға, іні, ата)*
	Математика негіздері	**Жиын:** әртүрлі түстерден, өлшемдерден тұратын көптеген нысандар туралы түсінікті қалыптастыру; **Сан, санау:** 5 шегінде санау дағдыларын қалыптастыру, заттарды үлгі және аталған сан бойынша санау. Сандық топты көрсете отырып, 5-ке дейінгі сандармен танысу. Әр түрлі анализаторлардың (көру, есту, сезу) көмегімен санау дағдыларын дамыту. **Шама.** Заттардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру; **Геометриялық фигуралар:** Балаларды геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы) танып, атай білуге үйрету дағдыларды қалыптастыру: геометриялық фигураларды тану және атау, фигуралардың пішінін зерттеу**.** **Кеңістіктегі бағдарлау.** Дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету. ***-Жүзеге асуы.*** *<u>Дидактикалық және логикалық ойындар</u> арқылы заттардың санын, пішінін, шамасын анықтау. <u>Карточкалармен жұмыс жасау арқылы</u> <u>Үлестірмелі матриалдармен жұмыс жасау арқылы</u> заттарды салыстыру , ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші, орналасуы бойынша үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. <u>Суреттер топтамасымен жұмыс жасау арқылы</u> уақытты бағдарлаукүндіз-түнде, таңертең-кешке. Д\о:«Қай жерде тұр», «Топтағы заттар»* **,** *«Аялдама» , «Алдымда артымда оң жағым сол жағымда тұр»*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары:** жансыз табиғат объектілері – су, жер, ауа, күн туралы білімдерін кеңейту табиғат құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру: **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі қарапайым өзгерістерді бақылау дағдыларын дамыту; Өсімдіктер әлемі:** көкөністер мен жемістерді ажырату және атау дағдыларын жетілдіру; табиғаттағы, жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. **Бала, оның отбасы, үй:** баланың өзі және оның жағдайы туралы түсінігін кеңейту. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Қоршаған заттардың мақсаты, құрылымы, материалы арасындағы байланыс туралы білімді қалыптастыру** Әр түрлі мамандықтағы адамдар туралы түсініктер. Балабақша қызметкерлерінің жұмысы, олардың еңбек әрекеттері, балабақша туралы білімдерін жетілдіру. **Жол қозғалысы ережелері.** Жолдардың әртүрлі бөліктері (тротуар, жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі), бағдаршам сигналдары, көшедегі тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру.. «Жол қозғалысы», «Бағдаршам» сюжетті-рөлдік ойындары.

		Жүзеге асуы. *-Дидактикалық ойындар, сюжетті-желілі ойындар, үстел-үсті ойындары, лото/ жануарлар әлемі, құстар, саңырауқұлақтар, ағаштар т.б/ Әнұран тыңдау, айту, фото альбомдар, буклеттер қарастыру. Видео –фильмдер, роликтер қарастыру/ қоршаған орта, табиғат, жануарлар т.б/ Көрнекі құралдармен жұмыс.* ***Д\о:*** *«Кімге не қажет?»,* ***Сюжетті-желілі ойын. « Дәріхана», « Асхана» Жаттау*** *«Күннің нұра», «Ақ дән»* ***Әңгіме:*** *«Серуенде»*
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру.** Үлгі бойынша құрастыру; Сызбаны қолданып,ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру**. «Биік шарбақтар»**үлкен құрлыс материалдарынан **Қағаздан құрастыру.** Қағаз парағын көлемді пішіндергеқайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын қалыптастыру; **Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.** Балаларды табиғи материалдардан түрл ізаттарды даярлауға баулу. **Конструктор бөлшектерінен құрастыру.** Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыруд ағдыларын дамыту ***-Жүзеге асуы.*** *1. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.* *3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.* *Тақырыптары: « Құс» / қағазды умаждау арқылы құрастыру, « Мұрара» / конструктор/ , « Ою» / ирек/ - жіппен жұмыс*
	Сурет салу	**Заттық сурет салу:**заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Сюжеттік сурет салу:** Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге сюжеттік сурет салуға баулу; түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын қалыптастыру**.Сәндік сурет салу:**қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмысорнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.Балалардың қалаулары бойынша сурет салу. ***Жүзеге асуы.*** *дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; Тақырыптары: « Сызықтан шықпай боя» / қарындашпен жұмыс/, « Күн шуақтары» / саусақпен , бал бояуы/ , « Текеметті әшкейлейміз» / мақта таяқшалары дақ түсіру*

		әдісі/ , « Гүл» / жарма ұнтағына саусақпен нүкте қою
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу:** Кейіпкерлерге тән бөліктерді (мұрын, ауыз, көз, құлақ, аяқ, қанат) пропорцияны сақтай отырып, қарапайым әдістерді (жұмырлау, жаю, жалпайту, кескіш көмегімен ойып алу, т.б.) қолданып мүсіндеу, жұмыстың конструктивті және пластикалық техникаларын үйлестіріп,бөліктерді біріктіру. **Сюжеттікмүсіндеу:** Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен). **Сәндік мүсіндеу:** Пластикалық, конструктивтік және мүсіндеу техникаларын қолданып, түрлі пішіндегі кескіштерді пайдалана отырып, Қазақстанның және әлемнің халық кәсіпшілігі негізінде ойыншықтар, ыдыс-аяқ жасау.**Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен , тұзды қамырмен жұмыс жасау барысында қолданатын әр –түрлі тәсілдерді жетілдіру Тақырыптары: « Апам жасаған құрт », « Кірпі» , « Сәбіз», « Саңырауқұлақ»*
	Жапсыру	**Затық жапсыру:**Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. **Сюжеттік жапсыру:** Сәндік өнер туралы білімдерін нақтылау; саңырауқұлақты әшекейлеу білуді үйрету; ою-өрнектерді ажырата білуді үйрету; дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру мәнерлілік элементтеріне тәрбиелеу. Балаларды шаршының ортасын, бұрыштарын элементтермен толтырып, өрнек құруға үйрету. Жолақты алдынала бүктеп, ортасынан қиюға, қайшыны дұрыс ұстауға үйрету. Композицияны сезуді үйрету. Бөліктерді мұқият жапсыру дағдыларын бекіту, жұмыстарды эстетикалық бағалауға тарту**. Сәндік жапсыру.**Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **Жүзеге асуы.** *Қайшы ұстауды үйрету, сызық бойымен қиюды жаттықтыру. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру. Тақырыптары: «Қозыларға арналған қаша», « Юлы табақ», « Күн», « Күзгі ағаш»*
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну; **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетінсақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). М.Жәутіков. «Би» Е.Брусиловский. «Полька» М.Глинка. **Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Би қимылдарын ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. «Балдырғандар әні» Б.Дәлденбай. **Билер, ойындар, хороводтар.** Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен, қимылдарды өзгерту. М. Әлімбаев. «Аңдар» биі. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әр түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану

Желтоқсан	Дене шынықтыру	**Негізгі қимылдар: Жүру:**Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп саппен жүру; Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру** Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.** Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. ***Жүзеге асыруы.*** *Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Молекула»,« Бұлақтан аттап өт», «Санамақ», « Үшінші артық» ,«Тышқан мен қияр» , «Шалма», «Қолшатырдың астына тығыл»*
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **Сөздік:**Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. **Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:**Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру:«қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. **Байланыстырып сөйлеу.**Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану **Жүзеге асыруы.** *Жаттығулар, жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ Ойындар: «Сақина», «Телефон», «Санамақ» Жаттығулар: « Сабынды көпіршіктер», « Құс мамығын үрле», « Ақшақарлар ұшады» Жаттау: « Қыс», « Ақ қар», « Торғай», « Аққала»*
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу**. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту; **Жүзеге асыруы.** */Қазақ ертегілері, әртүрлі халық ертегілері,тақпақтар,санамақтар,электронды видео роликтер ертегілер, ұлттық қысқа әңгімелер / «Балақайға ертегі көрсетеміз», В. Маяковскийдің «Жақсы деген немене, жаман деген немене», «Таусоғар», « Екі дос» , « Аяз- ертегісі»*
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу **Тілдік**

		дамытушы орта. өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтау **Сөздік қоры:**Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы**: дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. **Жүзеге асыруы.** */Қазақ ертегілері, әртүрлі халық ертегілері, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қысқа әңгімелер / « Суреттерді ата?», « Менімен қайтала», «Диалог», «Тек жақсы қасиеттерді ата», «Санамақ», «Игі істер қоржыны», «Жақсылық- жамандық», «Ата мен әжеге көмектес»*
	Математика негіздері	**Сан, санау.**5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. **Жүзеге асыруы** *Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, жұмбақтар,дид.ойындар / «Төртеу анның көркі екен.», « Екі дос» , «Гүлдер таласы», «Математикалық ағашы», «Жаңылтпаштар», Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»,« Өкпелеген үлесінен құр қалады», «Тұрмыстық заттар туралы сұмбақтар». «Санжардың ойыншықтары».*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Менің Отаным – Қазақстан** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. **Жүзеге асыруы.** */Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, МОБИЛЬДІ КІТАПХАНАНЫ қолдану жұмбақтар,дид.ойындар / «Шахтер» , «Құрылысшы», «Мен ғарышкер боламын», «Жаңылтпаштар», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»,« Ұшқыш», «Тұрмыстық заттар туралы жұмбақтар». «Құрылысшы». «Машина», «Көбейсін жасыл көшелер», «Жол қауіпті», «Көлікке мінгенде».*
	Құрастыру	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. **-Жүзеге асуы.** *1. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.*

		3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. *Тақырыптары: « Қоян» / қағазды умаждау арқылы құрастыру, « Шырша» / конструктор/ , « Шана»- сіріңке шшімен жұмыс*
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. **Жүзеге асуы.** *-Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; Тақырыптары: « Шырша» , « Аққал», « Қар ұшқындары» , « Күрек»*
	Мүсіндеу	Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен , тұзды қамырмен жұмыс жасау барысында қолданатын әр –түрлі тәсілдерді жетілдіру Тақырыптары: « Аққала », «Шелек» , « Қоян», « Тостаған»*
	Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. **Жүзеге *асуы.*** *Қайшы ұстауды жетілдіру, сызық бойымен қиюды жаттықтыру, геометриялық пішіндерді қиюды үйрету, қағазды қырын шығарып бүктеуді көрсету. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру.Тақырыптары: «Шырша ойыншықтары», « Қолғап», «Тосап құйылған банка», « Қысқы ағаш»*
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну; **Музыка тыңдау** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлер туралы әңгімелеу. «Мерекелік марш» Б.Дәлденбаев. «Шырша» әні К.Қуатбаев, **Ән айту.** Әнді созып қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). «Кел балалар, күлейік» әні Е.Өміров. «Отан –ортақ үйіміз» әні Д.Ботабаев. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру «Кармен» Ж.Бизе. «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. «Вальс снежинок» П.И.Чайковский **Билер, ойындар, хороводтар.** Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.

Қаңтар	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Кеңістікті сақтап, көзбен бағдарлай отырып, ауызша берілген нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруді жүгіруді педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар: Жүру.** Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; **Салауатты өмір салтын қалыптастыру** «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.**Жүзеге асыруы.***/Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Сиқырлы таяқ», « Бұлақтан аттап өт», «Санамақ», «Ақшамшық (сақина салу)», «Паравоз», «Соқыр теке», « Үшінші артық» ,«Тышқан мен қияр» , «Шалма», «Қолшатырдың астына тығыл», Журу және секіру», «Жүйрік аттар»,«Тышқан мен мысық»*
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табады.Сөйлеу қарқынын өзгерту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар,мақал-мәтел ,ертегілердің кейіпкерлердің сөздерін айтқызу. **Сөздік:**Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді қолдану.Амандасу «Салем», «Салеметсізбе», «Көңіл күйім жақсы», «Алақай!», «Сау болыңыз», «Хош болыңыз». **Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:**зат есімдерді тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. «Қуыр-қуыр қуырмаш»- ойынын ойнап сөздік дыбыстық қорларын нығайту. Байланыстырып сөйлеу.Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. **Жүзеге асыруы.** */Жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Жаңылма», «Сақ құлақ», «Санамақ», «Ақшамшық (сақина салу)», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Қасқырға арналған қақпан», «Қасқыр мен лақтар» , « Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» , «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Кемемен қыдыруға барамыз», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу»* .
	Көркем әдебиет	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды, рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады,кейіпкерлердің мінезін сомдап береді, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. **Жүзеге асыруы.** *Қазақ ертегілері, әртүрлі халық ертегілері, тақпақтар,*

		санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қысқа әңгімелер / «Диалог», «Балақайға ертегі көрсетеміз», «Санамақ»,», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Бағбандар мен гүлдер», «Жеті лақ» , «Қарлығаш пен дәут», «Алдар көсе», «Үш аю»,« Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Кім күшті» т.б.
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді,сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу, өзінің тәжіри -бесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы әнгімелеп бере алады. **Тілдік дамытушы орта.** Құрдастарын,отбасы мүшелерінің есімімен толық, дұрыс атауға баулу. **Сөздік қоры:**Отбасының,қоршаған ортаның,үлкен кісілер,құрдастарының есімдерін дұрыс атау,төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. **Тілдің грамматикалық құрылымы**: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беру. **Жүзеге асыруы.** */Қазақ ертегілері, әртүрлі халық ертегілері,тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қысқа әңгімелер / «Ата-аналарға қамқорлық жасау» , «Сыпайы сөздер дүкені», « Екі дос» , «Құрметтеуді үйренеміз», «Мейірімділік ағашы», «Алдар көсе», «Мейірімді адамдар»,« Жаңа жыл қарсаңында», «Адал досқа арналған ашық хат».*
	Математика негіздері	**Сан.Санау.** 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие,тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап б беруге уйрету. Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады,5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. ***Жүзеге асыруы.*** */Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, жұмбақтар,дид.ойындар / «Саусақ санау», «Нешеуміз? Бір үйде біз нешеуміз?», «Санамақ», «Реттеуші», «Бағдаршам», «Беске дейін санау. Бірді бірге таяп қой», «Алатының неше өрік?»*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Байланыс және қозғалыс құралдары.** Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елігінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді.Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. жолда жүру ережелерін, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін. **Жүзеге асыруы.** */Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, МОБИЛЬДІ КІТАПХАНАНЫ қолдану жұмбақтар,дид.ойындар / «Еңбек дәмі», «Ат пен есек (халық ертегісі)», «Санамақ», «Реттеуші», «Бағдаршам», «Машинаның бесеуін», «Шофер» , «Монтер ағай.»*
	Құрастыру	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар

		арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, қағаз парағын түрлендіреді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады: командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. **Ұлкен конструкторлармен:** үзін жол, қақпа құрастыру,мүнара т.б. **Кішкентай конструкторлармен**: гимараттар,аулалар, **Құрастыру әдістерін қолдану:** қағаз,табиғи материалдар,таяқшалар,санағыштар т.б. **-Жүзеге асуы** *1. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.* *3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.*
	Сурет салу	**Қазақ заттардың пішіні**: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады, суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі,дәстүрден тыс әдісті пайдаланып пішіндерді кірістіріп жумыс жасау. **Жүзеге асуы.** *-Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру*
	Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композициялардымүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді, бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады. **Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен , тұзды қамырмен жұмыс жасау барысында қолданатын әр –түрлі тәсілдерді жетілдіру Тақырыптары: « Аққала », «Шелек» , « Қоян», « Тостаған»*
	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады, бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді,ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады.**Жүзеге асуы.** *Қайшы ұстауды жетілдіру, сызық бойымен қиюды жаттықтыру, геометриялық пішіндерді қиюды үйрету, қағазды қырын шығарып бүктеуді көрсету. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру.Тақырыптары: «Шырша ойыншықтары», « Қолғап», «Тосап құйылған банка», « Қысқы ағаш»*
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну; **Музыка тыңдау** Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) «Вальс» Қ. Шілдебаев. «Айналада ақша қар» .Ыдырысов,М.Бестібаев. **Ән айту.** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың ырғағын

		нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. «Бақшаға келемін» Ө.Байділда, **Билер ойындар, хороводтар.** Шапшаңдықпен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. «Күлдіргіштер» Д.Кабалевский.
Ақпан	Дене шынықтыру	**Лақтыру, домалату, қағып алу.** Балалардың қимыл қозғалыстарын есепке ала отырып: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).**Сапқа тұру, сап** түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. **Спорттық жаттығулар** Шаңғымен жүру:балаларға шаңғының бейнесін елестету арқылы шаңғы теуіп бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен іс қимылдарды қайталауға үйрету. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру** дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.**Жүзеге асыруы.** */Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар,гимнастикалық жаттығулар/ / «Адалдық шеңбері», «Кемемен қыдыруға барамыз», «Сиқырлы таяқ», « Бұлақтан аттап өт», , «Ақшамшық (сақина салу)», «Паравоз», «Соқыр теке», « Үшінші артық» ,«Тышқан мен қияр» , «Шалма», «Қолшатырдың астына тығыл», « Тау соғар», «Жүйрік футболшылар» , «Тышқан мен мысық»* .
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады.Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Қарапайым сөйлеудің дыбыстық мәдениетін диалог құрастырып,әңгіме айтып ,ертегілердің кейіпкерлерін сомдап нығайту. **Сөздік қорды** :заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), атауларын байыту зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.**Жүзеге асыруы.** */Жаңылтпаштар,*

		тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Әдепті сөздер шеңбері», «Сыпайы сөздер дүкені»», «Санамақ», «Ақшамшық (сақина салу)», «Педагогикалық жағдаяттар», ««Көңіл-күйді анықтау», «Қасқыр мен лақтар» , « Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» , «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Кемемен қыдыруға барамыз», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу» .
	Көркем әдебиет	**Кітапқа қызығушылыққа баулу:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес 54 тақпақтар ды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулкітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды **Жүзеге асыруы.** */Жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Эмоцияларды жаттықтырамыз», «Сыпайы сөздер дүкені»», «Санамақ», «Ата-аналарға қамқорлық жасау», «Педагогикалық жағдаяттар», «Көңіл-күйді анықтау», «Кім жауапкершілік танытты», « Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» , «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу», «Үміт». «Бір атаның ұрпағы».*
	Қазақ тілі	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу **Тілдік дамытушы орта.** өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтау **Сөздік қоры:**Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату,жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Грамматикалық құрылымы**: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем

		шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту. **Жүзеге асыруы.** */Жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Тіл алмаудың кесірі», «Сыпайы сөздер дүкені»», «Санамақ», «Ата-аналарға қамқорлық жасау», «Педагогикалық жағдаяттар», «Көңіл-күйді анықтау», «Кім жауапкершілік танытты», « Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» , «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу», «Үміт». «Бір атаның ұрпағы»., « Санжардың ойыншықтары».*
	Математика негіздері	**Шама**. Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттейді, оларды ажыратады және атайды:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.**Міндеттері:** заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу. ***Жүзеге асыруы*** */Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, жұмбақтар,дид.ойындар/ «Саусақ санау», «Нешеуміз? Бір үйде біз нешеуміз?», «Санамақ», «Реттеуші», «Бағдаршам», «Беске дейін санау. Бірді бірге таяп қой», «Алатының неше өрік?» , «Төртеу санның көркі екен.», « Екі дос» , «Гүлдер таласы», «Математикалық ағашы», «Жаңылтпаштар», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»,« Бір тал шөп», «Тұрмыстық заттар туралы жұмбақтар». «Санжардың ойыншықтары».*
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Еңбекке баулу.** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілік пен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға,ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкалар ды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға

		баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. ***Жүзеге асыруы.*** */Тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, МОБИЛЬДІ КІТАПХАНАНЫ қолдану жұмбақтар,дид.ойындар / «Еңбек дәмі», «Ат пен есек (халық ертегісі)», «Санамақ», «Реттеуші», «Бағдаршам», «Машинаның бесеуін», «Шофер» , «Монтер ағай.», «Шахтер» , «Құрылысшы», «Мен ғарышкер боламын», «Жаңылтпаштар», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»,« Ұшқыш», «Тұрмыстық заттар туралы жұмбақтар». «Құрылысшы». «Машина», «Көбейсін жасыл көшелер», «Жол қауіпті», «Көлікке мінгенде»*
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және 62 кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау білу. **Қағаздан құрастыру**. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Жүзеге асуы.** *1. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру.* *2.Құрастыру дағдыларын дамыту.*

		3.Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
	Сурет салу	**Жеке заттарды және бірдей заттарды** қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. **Заттардың пішіні:** дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу,элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.**Жүзеге асуы.** *-Дидактикалық ойындар, саусақ жаттығулары, контур бойынша дайын суретті бояу, қарындашпен жұмыс / сызықтар, штрихтар, дақтар/ , қылқалам, бояумен сурет салу, сурет салудың дәстүрден тыс техникасы бойынша (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру;*
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. **Мүсіндеуде** қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Жүзеге асуы.** *-Ермексаз, сазбалшықпен , тұзды қамырмен жұмыс жасау барысында қолданатын әр –түрлі тәсілдерді жетілдіру*
	Жапсыру	**Жапсыру** мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру

		дағдыларын қалыптастыру. **Композицияны құрастыру** кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. **Геометриялық пішіндерден**, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды жетілдіру. **Жүзеге асуы.** *Қайшы ұстауды жетілдіру, сызық бойымен қиюды жаттықтыру, геометриялық пішіндерді қиюды үйрету, қағазды қырын шығарып бүктеуді көрсету. Желіммен жұмыс жасау, қағаз бетін бағдарлауды жетілдіру.*
	Музыка	- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну; **Музыка тыңдау** Жоғарыды быстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. «Біз шадыман баламыз» Ә.Бейсеуов, С.Қалиев «Мерекелік марш» И.Леви. **Ән айту.** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын еткізе білуге үйрету. «Балалық шақ» әні Д.Байтілеуов **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. «Көңілді полька» И.Штраус. **Билер, ойындар хороводтар.** Шапшаңдықпенептіліктаныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу атрибуттармен би қимылдарын орындау. «Жүгіріп жетеміз» әні: Ж.Тұрсынбаев. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау
Наурыз	Дене шынықтыру	**Кеудеге арналған жаттығулар «Денсаулық - зор байлық»** сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. **Аяққа арналған жаттығулар** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. ***Жүзеге***

		асыруы. */Жаттығулар, қозғалмалы ойындар,ұлттық қозғалмалы ойындар,гимнастикалық жаттығулар/ / «Футбол» тақпақ жатау, «Шыныақтыр сен денені», «Сиқырлы таяқ», « Бұлақтан аттап өт», , «Әкем менің күшті», «Паравоз», «Тентек бала», « Үшінші артық» ,«Тышқан мен қияр» , «Еріншек», «Шалма», «Қолшатырдың астына тығыл», « Тау соғар», «Жүйрік футболшылар» , «Тышқан мен мысық» .*
	Сөйлеуді дамыту	Қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; тұрмыстық электротехника заттарын таниды және атайды; зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады; сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады; зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айтады; өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды; бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. **Сөздік қор:** тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. **Балаларды** :әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыру. **Жүзеге асыруы.** */Жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ / «Сыбызғы» ,« Не дәмді? (ертегі)», «Сыпайы сөздер дүкені»», «Санамақ», «Наурыз батасы (жаттау)», «Педагогикалық жағдаяттар», «Көңіл-күйді анықтау», «Қасқыр мен лақтар» , « Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» , «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Ат пен есек (халық ертегісі», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу»*
	Көркем әдебиет	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады; ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады; кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады; дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. ***Жүзеге асыруы.*** */Жаңылтпаштар, тақпақтар,санамақтар,электронды видио роликтер ертегілер, ұлттық қозғалмалы ойындар/ «Түлкі мен қоян (ертегі)», «Жыл мезгілдері(ертегі)», «Эмоцияларды жаттықтырамыз», «Сыпайы сөздер дүкені»», «Санамақ», «Ата-аналарға қамқорлық*

		жасау», «Педагогикалық жағдаяттар», «Көңіл-күйді анықтау», «Кім жауапкершілік танытты», «Наурыз»тақпақ жаттау , «Бес тас», «Досыңды тауып ал», «Мақтау сөздер айту», «Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар», «Құрметтеуді үйренеміз»,« Сыпайы кездесу», «Үміт». «Бір атаның ұрпағы».
